

ГОНКОНГ

Орындаған: Марат Д.Т
Тексерген: Хусаинов Б.М

ЖОСПАР

- ❖ 1. Гонконгтың тарихы
- ❖ 2. Халқы
- ❖ 3. Экономикасы
- ❖ 4. Басқару билігі
- ❖ 5. Қазақстанмен өзара байланысы

ГОНКОНГТЫҢ ТАРИХЫ

Гонконг (немесе Сянган) – Қытайдың арнайы административтік ауданы. Гонконг батысын, оңтүстігін және шығысын Оңт.Қытай теңізі шайып жатқан Коулун аралында орналасқан. Солтүстікте Гуандун қытай провинциясының құрамындағы Шэньчжень экономикалық зонасымен шекаралас.





1860 жылы Екінші Опиум соғысында Қытайдың (Цин Империясы) жеңілісінен кейін Пекин келісім шартына сәйкес Коулун түбегінің аумағы және Камнерезов аралдары Ұлыбританияның мәңгілік иелігіне өтті. 1898 жылы Ұлыбритания Қытайдан Коулун түбегінің солтүстігіндегі іргелес аумағын және Ланьтау аралын 99 жылға жалға алып, «Жаңа аумақтар» деген атауға ие болды.

1997 жылы Гонконг аймағы ресми түрде ҚХР-ға қайтарылды.


ХАЛҚЫ

1990 жылдары Гонконгтағы халық саны тез өсе бастады. 2016 жылғы санақ бойынша 7167403 адамға жетті (2016, шілде).


Гонконг тұрғындарының, шамамен, 95%-ын этникалық қытайлықтар, олардың көбісін кантондықтар және қытайлық этникалық топтар ретінде хаккалар мен чаочжоулықтар құрайды.

Халықтың қалған 5%-ын қытайлық емес этникалық топтар құрайды. Гонконгтың оңтүстік азиялық бөлігі үндістерден, пакістандықтар мен непалдықтардан құралады. Соғыстан қашып келген вьетнамдықтар Гонконгтың тұрақты тұрғындарына айналды. Шамамен, 140 мың филиппиндіктер Гонконгта үй қызметшілері ретінде жұмыс жасайды.

АУДАНЫ



Гонконг - әлемдегі ең халқы тығыз орналасқан елдердің бірі, халық тығыздығы 1 км²-қа 6200-ден астам адам. Осыған қарамастан, Гонконгтың халық саны құрлықтық Қытайдан келетін иммигранттар есебінен жыл сайын өсуде. 2006 жылы Гонконгтағы орташа өмір сүру ұзақтығы 81,6 жасқа жетті. Гонконг шекарасында әлемдегі халық саны ең тығыз арал Аплэйчау орналасқан.



Stud.kz

ЭКОНОМИКАСЫ

- ❖ *Аумақтың экономикасы еркін нарыққа, төмен салық салуға және экономикаға мемлекеттің араласпауына негізделген. Гонконг еркін порт болып табылады және импортқа кедендік алымдарды алмайды, онда қосымша құн салығы жоқ. Акциздер импорттық немесе жергілікті өндірілуіне қарамастан тауардың тек төрт түрінен алынады. Бұлар - спирттік ішімдіктер, темекі, минералды майлар және метил спирті. Гонконг – халықаралық қаржы мен сауданың маңызды орталығы. Жалпы ішкі өнім және жалпы қалалық өнімнің көрсеткіштері бойынша Гонконг ҚХР-дағы ең бай қала болып табылады.*

САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ



❖ Гонконгтың салық салу жүйесі 1947 жылы қабылданған британдық салық саясаты негізінде ағылшын үлгісі бойынша қалыптасты. Гонконгта компанияларды резиденттік және резиденттік емес деп бөлу жоқ, оның орнына аумақтық салық салу қағидаты қабылданған. Гонконгта шетелден алынатын немесе шетелге жібірілетін роялти, пайыздар, дивидендтер, капитал өсімі үшін салықтар жоқ.

ВАЛЮТАСЫ

- ❖ Гонконг валютасы гонконг доллары болып табылады. 1983 жылдан бастап ол АҚШ долларына байланған ($1\$ = 7.75 - 7.85\text{HK\$}$). Гонконг қор биржасы - әлемдегі көлемі бойынша 7-ші орынға ие, 2007 жылдың ақпан айында оның капитализациясы 1,69 млрд АҚШ долларын құрады. Әлем бойынша Гонконг үшінші, Азия бойынша бірінші үздік қаржы орталығы болып табылады.




ІШКІ ӨНІМІ

- ❖ Қазіргі таңда Гонконгтың жалпы ішкі өнімінің 90%-дан астамын қызмет көрсету саласы құрайды. 1990 жылдары Гонконг қаржы орталығы болып танылды, экономикалық өсім 2,7%-ға баяулады. Экономиканың қарқынды өсуі мен жылдам индустрияландырудың арқасында Гонконг Сингапур, Оңтүстік Корея және Тайваньмен бірге «Азия жолбарыстарының» алғашқы төрттігіне енді.

ҚАЗАҚСТАНМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ


- 2012 жылғы 9 мамырдағы Қазақстан сыртқы істер министрлігі өкілдігі мен Гонконг қауіпсіздік хатшысы қол қойған құжатқа сәйкес 2012 жылдың 26 шілдеден бастап қазақ азаматтары Гонконгта, және керісінше, Гонконг азаматтары Қазақстанда 14 күнге дейін визасыз жүре алады. Бұл құжат екі жақтан да қажетті ішкі процедураларды бітіргеннен күшіне енеді. Одан бөлек 2012 жыл басында екі жақпен тікелей әуежолын ашу



БАСҚАРУ БИЛІГІ



- Гонконгтың Конституциясының рөлін атқаратын Негізгі Заңға сәйкес жергілікті билік қорғаныс пен сыртқы саясаттан басқа сұрақтар мен мәселелерге араласпайды. Гонконг бодандықта болғанда губернаторды Ұлыбритания Патшалығы тағайындайтын еді. Бұл аумақты Қытайға қайтарғаннан соң оны Гонконг Администрациясының Бас министрі басқарады. Оны 800 адамнан тұратын Сайлау Комитеті сайлайды. Қалған атқарушы билік өкілдерін Бас министрдің өзі немесе сайлаушылар таңдайды.



Stud.kz - Stud.kz - Stud.kz

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!



Stud.kz - Stud.kz - Stud.kz



Stud.kz - Stud.kz - Stud.kz